

ЖШС ҚАТЫСУШЫСЫНЫҢ ҮЛЕСІН МӘЖБҮРЛЕП САТЫП АЛУ

ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ



М. ЕСТЕМИРОВ,
«КАЗГЮУ Университеті» АҚ PhD докторанты

Мақалада ЖШС қатысушысының үлесін мәжбүрлеп сатып алудың отандық сот тәжірибесі сараланады. Атап айтқанда, үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешімді қабылдау рәсіміне назар аударылған. Автор қатысушылардың жалпы жиналысында мұндай шешімді қабылдау тәртібіне қойылатын заңнама талаптарын сипаттайды. Сондай-ақ бұл механизмді қолдануға қатысты сот тәжірибесіне шолу жасалады. Автор ЖШС-нің мажоритарлы қатысушысының үлесін мәжбүрлеп сатып алу мүмкіндігі туралы мәселені көтереді.

Түйінді сөздер: ЖШС қатысушысы, жалпы жиналыс, қатысушылардың жалпы жиналысында шешім қабылдау тәртібі, үлесті мәжбүрлеп сатып алу, құқық, жауапкершілік, Қазақстан Республикасы, акционерлік қоғам, корпоративтік жанжал, Конституция, Жоғарғы сот.

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220 Заңының (бұдан әрі де – ЖШС туралы заң) 34-бабының 2,3-тармақтарында серіктестікке елеулі түрде зиян келтірілген жағдайда жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің зиянды өтеу туралы талаппен қатар, зиян келтірген кінәлі қатысушының үлесін серіктестіктің мәжбүрлеп сатып алуы туралы мәселе қоюға, сондай-ақ оның қатысушылар құрамынан аталған қатысушыны шығару туралы қосымша талап қоюдың қажет емес екендігін білдіреді. Сонымен бірге, С.И. Климкин аталған зиянның қатысушының өз құқықтарын жүзеге асыру барысында туындауы немесе өзіне қатысушы ретінде жүктелген міндеттерді орындауы (тиісінше орындауы) салдарынан келтірілуі тиіс екендігі яғни, қатысушы мәртебесі мен келтірілген зиянның арасында себепті байланыстың болуы керектігі құқықтық норманың мазмұнынан айқын көрінбейтіндігіне орынды назар ауда-

дарады және егер, аталған мән-жайлардың арасында байланыс жоқ болған жағдайда келтірілген зиянның ҚР АҚ 47-тарауының ережелеріне сәйкес өндірілуі тиіс екендігін де жеткізеді.¹

Салыстыру мақсатында, «Жауапкершілігі шектеулі қоғамдар туралы» Ресей Федерациясының 1998 жылғы 8 ақпандағы №14 заңының 10-бабының аудармасына назар аударсақ: «10 бап. Қоғам қатысушысын қоғамнан шығару. “Қоғамның жарғылық капиталының жинақтап алғанда кемінде он проценті тиесілі қатысушылар, өз міндеттемелерін өрескел бұзатын не өз әрекеті (әрекетсіздігі) арқылы қоғамның қызметінің әрі қарай жалғасуына мүмкіндік бермейтін немесе оны едәуір қиындата түсетін қатысушыны қоғамнан шығару туралы талап қою алады”». ²

Ресейлік заңның бұл бабының мазмұнынан қатысушы фигурасының және оның әрекетінің арасындағы байланыстың айқын екендігін аңғаруға болады. Сол себепті, С.И. Климкиннің білдірген орынды ұсынысы заңның қолданыстағы мәтінін алдағы жетілдіру жұмыстары барысында ескерілуі тиіс, деп пайымдаймыз.

Бұл механизм бірқатар шетелдік құқық жүйелерінде де қолданылады. Неміс құқығында жарғылық капиталдағы қатысушы үлесін мәжбүрлеп сатып алудың қазақстандық үлгісімен пара-пар келетін екі механизмнің бар екендігі айтылады: 1) үлестің алынуы және 2) қатысушыны серіктестіктен шығару.³ Сондай-ақ неміс құқығында қатысушыны серіктестіктен жеке тұлғалық сипаттары бойынша да шығаруға болатындығына назар аударылады.⁴

Ал, француз заңнамасында серіктестік қатысушысының үлесін мәжбүрлеп сатып алуды реттейтін ережелердің берілмегендігі, бірақ бұл сауалды серіктестіктің құрылтай құжаттарына енгізу

¹Қараңыз: С.И. Климкин «Комментарий к закону Республики Казахстан от 22 апреля 1998 года «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (2013)» http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31162727 (дата обращения 10.08.2015 г.).

²Заңның түпнұсқасы төмендегі сайттан алынды және орыс тілінен біз тарапымыздан қазақ тіліне аударылды // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_17819/ (дата обращения 11.08.2015 г.).

³Қараңыз: «Исключение участника корпорации как механизм разрешения корпоративных конфликтов по праву Германии». Обзор подготовлен сотрудниками московского офиса юридической фирмы Noegг Дарьей Левиной и Екатериной Хэртель // m-logos.ru (дата обращения 11.08.2015 г.).

⁴Қараңыз: Miller, Sandra K. (1997) «Minority Shareholder Oppression in the Private Company in the European Community: A Comparative Analysis of the German, United Kingdom, and French Close Corporation Problem.» Cornell International Law Journal: Vol. 30: Iss. 2, Article 4. // Available at: <http://scholarship.law.cornell.edu/cilj/vol30/iss2/4> (дата обращения 10.08.2015 г.).

арқылы реттеуге болатындығы айтылады.⁵ Сонымен бірге, ағылшын құқығындағы аталған механизмнің қолданысы жайлы қызықты деректермен С. Будылиннің зерттеуінен танысуға болады. Сондай-ақ ағылшын құқығында да аталған механизмді қатысушылар арасындағы құрылтай шартына ендіруге болатындығына назар аударылады.⁶

ЖШС туралы заңның 43-бабының 2-тармағының 9)-тармақшасына сәйкес серіктестік қатысушысының жарғылық капиталдағы үлесін мәжбүрлеп сатып алудың жалпы жиналыстың ерекше құзиретіне жататындығы бекітілген. Демек, қатысушының үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы талап-арызбен сотқа жүгінерден бұрын күн тәртібіне осы мәселе қойылған қатысушылардың жалпы жиналысы шақырылуы тиіс. Жалпы жиналыс бұл жөнінде оң шешім қабылдаған жағдайда ғана аталған талаппен сотқа жүгінуге болады. Мұны отандық сот тәжірибесі де қуаттайды. Атап айтқанда, Астана қалалық апелляциялық сатыдағы соты төменгі деңгейдегі соттың шешімінің бір бөлігін күшін жою туралы жасаған байламында осы талапқа сілтеме жасайды. Бұл істе «В» ЖШС-нің жарғылық капиталының 50% үлесіне ие қатысушы С., жарғылық капиталдың қалған 50% үлесіне ие Р-дың үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы талап-арызбен сотқа жүгінген. Бірінші сатыдағы сотта бұл талап-арыз қанағаттандырылады. Сот шешімінің бұл бөлігінің күшін жою туралы қаулысында апелляциялық сатыдағы сот, мұндай талап-арызбен сотқа жүгінуге тиісті тәртіпте шақырылған жалпы жиналыстың шешімінің қажет екендігін бекіткен заңнама талаптарының сақталмағандығына сілтеме жасайды. Ал, мұнда қатысушы серіктестіктің жалпы жиналысын шақырмастан, Р-дың үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы талабымен сотқа өз бетінше жүгінген. Сондықтанда, апелляциялық сот тарапынан бірінші сатыдағы сот шешімінің осы бөлігінің күші жойылуы тиіс, деген орынды байлам жасалған.⁷

Кейбір тұстарда сот тәжірибесі қолданыстағы заңнамада кездесетін олқылықтарды да айшықтап береді. ҚР АҚ 37-бабына сәйкес заңды тұлғалар өздеріне құқықтар мен міндеттерді өзінің органдары арқылы алады. Демек, кезектен тыс жалпы жиналыстың шешімін іске асыру үшін серіктестіктің атқару органы сотқа жүгінуге тиіс. Бірақ, кейде үлесі мәжбүрлі сатып алынып жатқан қатысушының бірмезетте жеке-дара атқару органының өкілеттігін де атқаратын жағдайлар жиі кездеседі және жеке-дара атқару органы болып табылатын ол қатысушының кезектен тыс жалпы жиналыстың шешімін жүзеге асыруға аса құлшына қоймайтындығы да түсінікті жайт. Арнайы әдебиеттерде қазақстандық заң шығарушының бұл сұрақты жауапсыз қалдырғандығына назар аударылады.⁸

Бұған байланысты кейде сот тәжірибесінде қиындықтар туындап жатады. Мысалы, Шығыс Қазақстан облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралған мына бір іске назар аударсақ. ЖШС-нің қатысушысы С., қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі негізінде екінші қатысушы Ш-ның үлесін мәжбүрлі сатып алу туралы талап-арызымен сотқа жүгінеді. Сондай-ақ, талап қоюшы өзінің сотқа жүгінуге Ш-ның

⁵Қараңыз: Эмилия Кузнецова. «Информация к научному кругу столу «Исключение участника из АО или ООО и альтернативные способы разрешения споров в управлении конфликтов акционеров в непубличных корпорациях» // m-logos.ru (дата обращения 11.08.2015 г.).

⁶Қараңыз: Сергей Будылин «Информация к научному кругу столу «Исключение участника из товарищества или общества. Англия (и немного Россия)» // m-logos.ru (дата обращения 11.08.2015 г.).

⁷Қараңыз: Постановление Суда апелляционной инстанции суда города Астаны от 21 апреля 2010 года №2а-819-10 // <http://eaias.sud.kz/> (дата обращения 05.08.2015 г.).

⁸Қараңыз: Кузнецов А.А. «Исключение участника из общества с ограниченной ответственностью». М.: Статут, 2014. 66 парақ.

серіктестікке елеулі зиян келтіргендігінің себеп болғандығын айтады. Сонымен істі мазмұны бойынша қараған сот, талап-арызды қараусыз қалдыру туралы байлам жасайды және сот өз байламын ЖШС туралы заңның 34-бабына сәйкес үлесті мәжбүрлі сатып алу туралы талапты тек серіктестіктің өзі ғана қоя алатындығымен негіздейді. Ал, бұл жағдайда талап-арызды серіктестік емес, қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі негізінде қатысушының өзі қояды. Сол себепті де сот, мұны талап-арызды қараусыз қалдыруға негіз болады деп пайымдайды. Апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы соттың бұл шешімін қуаттайды. Дегенмен, кассациялық сатыдағы сот бұл ұйғарымның күшін жойып, істі мазмұны бойынша қарауға бірінші сатыдағы сотқа қайта жолдаған.⁹

Қатысушының үлесін мәжбүрлі сатып алу механизмін іске қосу үшін жалпы жиналыстың шешімін талап етудің әлсіз тұстары ретінде әдебиетте келесілер аталады: 1) үлесті мәжбүрлі сатып алу туралы соттың шешімінің жарамдылығы жалпы жиналыс шешімінің жарамдылығына тәуелді етіледі яғни, жалпы жиналысты өткізу рәсімдерінің бірінің сақталмауы сот шешімінің жарамсыздығына әкелуі мүмкін; 2) қатысушылардың арасындағы өзара байланысты айқындау қиынға соғады яғни, үлесті мәжбүрлеп сатып алынып жатқан қатысушының аффилиирленген тұлғалары қарсы дауыс беруі мүмкін.¹⁰

Сондай-ақ бұл механизмнің отандық сот тәжірибесіндегі қолданысы біркелкі емес. Мысалы, 2014 жылы Алматы қаласындағы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында келесідей іс қаралған. «С» ЖШС-нің 51% иеленетін қатысушысы А., өзінің үлесін мәжбүрлі сатып алу туралы байлам жасаған жалпы жиналыстың шешімін жарамсыз деп тану туралы талап-арызымен сотқа жүгінген. Талап қоюшы сот процесі барысында жалпы жиналыстың өткізілетіндігі туралы хабардың жалпы жиналысты өткізу мерзіміне тек 10 күн қалғанда таратыла бастағандығына, ал өзіне ол хабардың 5-6 күн қалғанда ғана жеткендігіне назар аударады. Сондай-ақ таратылған хабарламада күн тәртібіндегі екінші сауалдың «Серіктестіктің қатысушылар құрамын және серіктестіктің қайта құрылуын талқылау» деп аталғандығына, ал іс жүзінде жиналыстың хаттамасында басқалай аталатындығына соттың назарын аударады. Істі мазмұны бойынша қараған сот, жалпы жиналысты өткізудің бекітілген императивті нормалары бұзылды деп тауып, қатысушының үлесін мәжбүрлі сатып алу туралы байлам жасалған жалпы жиналыстың аталған шешімін жарамсыз деп таңғанын.¹¹

Сондай-ақ жоғарыда сипатталған істегі назар аударылуы тиіс келесі бір маңызды сауалға да тоқтала кетсек. Атап айтқанда, үлесті мәжбүрлеп сатып алу мәселесі бойынша осы істегі жалпы жиналыстың шешім қабылдау тәртібіне қатысты соттың білдірген ұстанымына зер салсақ. Қазіргі қолданыстағы ЖШС туралы заңның 43-бабының 2-тармағының 9)-тармақшасына сәйкес серіктестікке қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім шығару серіктестіктегі жалпы жиналыстың ерекше құзиретіне жатқызылған. Сондай-ақ ЖШС туралы заңның 48-бабының 2-тармағында бұл сауал бойынша шешімнің серіктестікке қатысушылардың жиналысқа қатысып отырғандары мен оған өкілдік алғандар дауысының төрттен

⁹Қараңыз: Постановление кассационной судебной коллегии Восточно-Казахстанского областного суда от 29 июля 2013 г. №2к-740-13. // <http://eaias.sud.kz/> (дата обращения 06.08.2015 г.).

¹⁰Қараңыз: Кузнецов А.А. «Исключение участника из общества с ограниченной ответственностью». М.: Статут, 2014. 65-66 парақтар.

¹¹Қараңыз: Решение специализированного межрайонного экономического суда г. Алматы от 21 февраля 2014 г. №2-984/14// <http://eaias.sud.kz/> (дата обращения 05.08.2015 г.).



үш басым көпшілік даусымен қабылданатындығы және шешім қабылданған кезде үлесі мәжбүрлеу тәртібімен сатып алынатын қатысушы дауыс беруге қатыспайтындығы және оған тиесілі дауыс саны есептеу кезінде ескерілмейтіндігі көрсетілген. Сонымен жоғарыда сипатталған істе «Ч» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы үлестің 49% иеленетін К., және Г., 51% ие А-ның үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы жалпы жиналыста шешім қабылдаған. Бұл ретте істі қараушы сот үлесті мәжбүрлі сатып алу барысында төрттен үш басым көпшілік дауыстың қажет екендігіне, ал бұл істе кворумның жоқ екендігіне назар аударады.¹²

С.И. Климкин өзінің еңбегінде бұған қатысты келесідей пікір білдіреді: «Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын ЖШС-гі жарғылық капиталдың 40% иеленетін қатысушы, әрбірі жарғылық капиталдың 30% иеленетін екі қатысушының үлестерін мәжбүрлі сатып алу туралы мәселе жалпы жиналыстың күн тәртібіне қойылады. Жалпы жиналыстың өткізілетіні туралы хабарламалар талапқа сай уақытылы жіберіледі. Бірақ, үлестерін мәжбүрлі сатып алынғалы жатқан қатысушылар жалпы жиналысқа келмеген. Нәтижесінде, кворумның жиналмауына байланысты жалпы жиналыс өткізілмеді, деп танылады. Осыған орай қатысушылардың жалпы жиналысы келесі күнге қайта тағайындалған. Алайда, бұл жолы да аталған қатысушылар жалпы жиналысқа қатыспайды. ЖШС туралы заңның 47-бабының 5-тармағының екінші абзацына сәйкес қайта шақырылған жиналыс серіктестікке қатысушылардың жиналысқа қатысып отырғандары немесе оған өкілдік алғандар иеленген дауыс санына қарамастан заңды болып табылады. Сондықтан, жарғылық капиталдың 40% иеленетін қатысушы, нәтижесінде, жарғылық капиталдың 60% иеленетін қатысушылардың үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім шығарады. ...Аталған шешімнің заңдылығы Жоғарғы Соттың деңгейінде қуатталған. Бұл ретте, соттардың «егер қатысып отырған немесе оған өкілдік алған қатысушылар жиынтығында жалпы дауыс санының жартысынан кемін иеленген жағдайда мұндай жиналыс дауыстың басым көпшілігін немесе бірауыздан берілуін қажет етпейтін мәселелер бойынша ғана шешімдер қабылдауға құқылы» екендігін бекіткен ЖШС туралы заңның 47-бабының 5-тармағының екінші бөлігіндегі ережелерді ескермеген».¹³

Дегенмен, бұл сауалға қатысты отандық сот тәжірибесі өзге жолды ұстанды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотында үстіміздегі жылы қаралған келесі бір істің

¹²Қараңыз: Решение специализированного межрайонного экономического суда г. Алматы от 21 февраля 2014 г. №2-984/14// <http://eaias.sud.kz/> (дата обращения 05.08.2015 г.).

¹³Қараңыз: С.И. Климкин «Комментарий к закону Республики Казахстан от 22 апреля 1998 года «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (2013)» http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31162727.

мазмұнына назар аударсақ. Бұл істе, «Т» ЖШС-нің жарғылық капиталының жинақтап алғанда 18% ие үш қатысушының осы серіктестіктің жарғылық капиталының 82% ие қатысушының үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы талап-арызын қанағаттандырған төменгі деңгейдегі соттардың шешімін ҚР Жоғарғы Соты заңға сәйкес деп тауып, қуаттаған.¹⁴

Зерттеушілер арасында «жарғылық капиталдың 80% немесе 90% ие мажоритарлы қатысушының үлесін мәжбүрлеп сатып алуға жол берілуі керек пе әлде, керек емес пе» деген сауалға қатысты ортақ бір пікірдің жоқтығы байқалады. Ал, біз өз тарапымыздан «мажоритарлы қатысушы» мәртебесі қатысушының үлесін мәжбүрлеп сатып алуға тосқауыл болмауы тиіс, деген ұстанымды орынды санаймыз. Керісінше болған ретте, А. Кузнецов айтқандай, құқықты өрескел теріс қолданғандығына қарамастан мажоритарлы қатысушыға иммунитетті берген болар едік.¹⁵

Бұл мәселеге қатысты әр елдің құқықтық жүйесінде әралуан сот тәжірибесінің қалыптасқандығын айтуға болады. Мысалы, мәтіні жоғарыда берілген ресейлік заңның 10-бабы келесідей сөздермен басталады «Қоғамның жарғылық капиталының жинақтап алғанда кемінде он проценті тиесілі қатысушылар...». Байқағанымыздай, біріншіден ресейлік заң шығарушы мұндай баптама көтергісі келетін тұлғаларға жарғылық капиталдың кемінде 10% ие болуы тиістігі туралы талап қоюда және екіншіден, ресейлік сот тәжірибесінің де жарғылық капиталдағы үлесі едәуір қатысушыны қоғамнан шығаруға ынталы емес екендігін айта кету қажет.

Атап айтқанда, Ресей Федерациясы Жоғарғы Арбитраждық Соты Президиумының 2012 жылдың 24 мамырындағы №151 Ақпараттық хатының 11-тармағында келесідей іс сипатталады.¹⁶ Жауапкершілігі шектеулі қоғамның (қазақстандық «серіктестік» сөзінің орнына ресейлік заң шығарушы «қоғам» сөзін қолданады) жарғылық капиталындағы 10% ие қатысушы З., жарғылық капиталдың 90% ие қатысушы С., қоғамнан шығару туралы талап қояды. Бұл істе талап қоюшы өзінің талап-арызын жауапкердің әрекеттерінің қоғамның қызметін дағдарысқа алып келгендігімен негіздейді.

Сонымен бірінші сатыдағы сот талап-арызды қанағаттандырудан бас тартады. Өзінің бұл

¹⁴Қараңыз: Постановление надзорной судебной коллегии по гражданским и административным делам Верховного Суда Республики Казахстан от 28 января 2015 года №3 гп-2-15 // <http://eaias.sud.kz/> (дата обращения 05.08.2015 г.).

¹⁵Қараңыз: Кузнецов А.А. «Исключение участника из общества с ограниченной ответственностью». М.: Статут, 2014. 70-парақ.

¹⁶Қараңыз: Информационное письмо Президиума ВАС РФ от 24 мая 2012 года №151 «Обзор практики рассмотрения арбитражными судами споров, связанных с исключением участника из общества с ограниченной ответственностью».

ұстанымын сот, жауапкершілігі шектеулі қоғам жөніндегі ресейлік Заңның 10-бабының мазмұнынан қоғамның жарғылық капиталының айқын басым үлесіне ие қатысушыны қоғамнан шығарудың мүмкін еместігі жайлы қорытынды шығатындығымен және бұған жол берілген жағдайда, бұл қоғамның қызметінің тоқтатылуына алып келетіндігімен негіздейді.

Апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы соттың шешімінің күшін жойып, талапты қанағаттандырады. Соттың пайымдауынша, жауапкершілігі шектеулі қоғам жөніндегі Заңның 10-бабы қатысушыны қоғамнан шығару талаптарының қанағаттандырылуын, қоғамның жарғылық капиталындағы аталған қатысушыға тиесілі үлестің мөлшеріне тәуелді екендігін бекітпейді. Сондай-ақ сот жауапкершілігі шектеулі қоғам жөніндегі Заңның 10-бабының басқалай түсінілуі қоғамның ұсақ қатысушыларына тиесілі құқықтарды қорғаудың негізсіз шектелуіне әкелетіндігіне назар аударады. Өйткені, қатысушылар мұндай жағдайда адал емес қатысушыны қоғамнан шығару туралы талап қою мүмкіндігінен айрылған болар еді. Сонымен бірге, жарғылық капиталдың айқын басым бөлігіне ие қатысушыны қоғамнан шығару барысында оған төленетін төлемдердің қоғамның қызметінің тоқтатылуына әкелмеуі де мүмкін. Себебі, қоғамның қалған қатысушысы қоғамның мүлкіне қосымша салым салуы да мүмкін.

Ал, кассациялық сатыдағы сот апелляциялық сатыдағы соттың қаулысының күшін жойып, бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгеріссіз қалдырады. Бұл ретте, келесідей пайымдар алға тартылады. Жауапкершілігі шектеулі қоғам жөніндегі Заңның 10-бабының мазмұнынан қатысушыны қоғамнан шығару санкциясының көздейтін мақсатын шығаруға болады. Бұл санкцияның мақсаты – аталған қатысушының әрекеті арқылы қоғамның қызметін қалыпты жүргізуге келтірілген тосқауылдарды жою. Ал, жарғылық капиталдың 90% ие қатысушының (мажоритарлы қатысушыны) шығарылуы, қоғамның қызметінің тоқтатылуына әкеледі. Ал, бұл аталған норманың мәніне қайшы. Сонымен бірге, кассациялық сатыдағы сот қоғамның жарғысында қатысушының өз үлесінің құнын ала отырып, қоғамнан шығуына шектеу қойылмағандығына назар аударады. Кассациялық сатыдағы соттың пайымдауынша, қатысушылардың мүддесінің тепе-теңдігіне әділетті қарар болса, жарғылық капиталдың 50% астам үлесіне ие қатысушыны қоғамнан шығаруға тек, қоғамның жарғысында қатысушылардың қоғамнан еркін шығуына шектеу қойылған жағдайда ғана берілуі тиіс.

Қорытындылай келгенде, серіктестік қатысушысының үлесін мәжбүрлеп сатып алу механизмінің қолданысына байланысты туындайтын сауалдарды Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер жөніндегі заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысына нақтылау енгізу арқылы шешуге

болар еді, деп пайымдаймыз. Сондай-ақ қазіргі таңда нормативтік қаулылар қуатының тәжірибеде толықтай қолданылмай жатқандығы жайлы зерттеушілер тарапынан пікірлер білдірілуде.¹⁷ Сол себепті де, жоғарыдағы сипатталған мәселелер бойынша толықтырулар енгізудің біркелкі сот тәжірибесінің қалыптасуына, серіктестік қатысушыларының арасындағы «ойын ережесінің» ашық, түсінікті болуына және түптеп келгенде, бұл мәселелерді айқындайтын нормативтік қаулының өзінің де тәжірибедегі беделінің артуына оң ықпалын тигізеді.

М. Естемиров: Правовое регулирование процедуры принятия решения о принудительном выкупе доли у участника ТОО.

В статье анализируется отечественная судебная практика по вопросу принудительного выкупа доли у участника ТОО. В частности, обращается внимание на процедуру принятия решения о принудительном выкупе доли. Автором изложены требования законодательства, применяемые к порядку принятия такого решения на общем собрании участников. Приводится обзор судебной практики по применению данного механизма. Автором поднимается вопрос о возможности принудительного выкупа доли у мажоритарного участника ТОО.

Ключевые слова: участник ТОО, общее собрание, порядок принятия решения на общем собрании участников, принудительный выкуп доли, право, ответственность, Республика Казахстан, акционерное общество, корпоративный конфликт, Конституция, Верховный Суд.

M. Yestemirov: Legal regulation of the procedure of making decision on expulsion of the shares of LLP.

This article analyzes the local judicial practice about expulsion of shares of the member of LLP. In particular, author pays attention to the procedure of accepting decision about expulsion of shareholder. Author describes requirements of legislation to the order of adopting such decisions in the annual meeting of shareholders. Here was given a judicial practice of using such mechanism. Also, author raises question about the possibility of expulsion of major shareholder of LLP.

Key words: member of LLP, annual meeting, order of accepting decision on annual meeting of shareholders, expulsion of shares, responsibility, the Republic of Kazakhstan, Joint-Stock Company, corporate conflict, The Constitution, Supreme Court.

¹⁷Қараңыз: М.С. Нарикбаев. Конституция Республики Казахстан и развитие судебных и правоохранительных органов // Право и государство, № 3 (60), 2013. 70-парақ.